

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 998 қаулысының орындалуын тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 1 наурыздағы № 24-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1998 жылғы 5 қазандағы № 998 қаулысы шарттарының орындалуына тексеру жүргізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен астық қабылдау кәсіпорындарындағы мемлекет сатып алған астыққа, оны сатып алу мен сақтаудың жағдайларына тексеру жүргізісін, жұмыстың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп ұсынсын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр